

## Ұйғыр ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2014-2016 жылдарға белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 32-6 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 15 мамырда N 2700 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 маусымдағы № 48-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 22.06.2015 № 48-3 шешімімен.**

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің 422-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Ұйғыр аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2014-2016 жылдарға қызметін Ұйғыр ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бекітілген базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Бюджет, әлеуметтік және экономикалық даму, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс, байланыс, экология және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері" жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Қ. Алимходжаев

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Н. Есжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ұйғыр ауданы бойынша салық

басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Курмашев Бакыт Нурматович

"15" сәуір 2014 жыл

"Ұйғыр ауданының кәсіпкерлік

бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Садықбекова Бинара Шарипбаевна

"15" сәуір 2014 жыл

Ұйғыр аудандық мәслихаттың  
2014 жылғы 15 сәуірдегі  
"Ұйғыр ауданы бойынша бірыңғай  
тіркелген салық ставкаларын  
2014-2016 жылдарға белгілеу туралы"  
N 32-6 шешіміне қосымша

**2014-2016 жылдарға қызметін Ұйғыр ауданы аумағында жүзеге  
асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық  
ставкалары**

Рет N	Салық салу объектісінің аталуы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	3
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	6
5	карт	2
6	Бильярд үстелі	8